

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 222 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 13 қаңтарда № 12863 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) «Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу жөнінде банк операцияларын жүргізуге лимиттер белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 169 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9793 тіркелген, 2014 жылғы 30 қазанда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Кейбір нормативтік құқықтық актілерге банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 21 қарашадағы № 222 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10032 тіркелген, 2015 жылғы 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 2-тармағы.

3. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.)
заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.)
бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан
Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға
жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз
басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған
қатынастарға қолданылатын Тізбенің 1-тармағының жетпіс алтыншы және
жетпіс жетінші абзацтарын, Тізбенің 2-тармағының елуінші және елу бірінші
абзацтарын қоспағанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын
қатынастарға қолданылады.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы Д. Ақышев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н
№ 2 2 2 қ а у л ы с ы н а
қосымша

**Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесі**

1. «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп
айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

1 және 1-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жаңадан құрылатын банк үшін жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшері 10 000 000 000 (он миллиард) теңге мөлшерінде белгіленеді.

1-1. Банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері мынадай тәртіппен белгіленеді:

тұрғын үй құрылыс жинақ банкі және жалғыз акционері басқа мемлекеттің орталық банкі болып табылатын банк үшін 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге мөлшерінде;

басқа банктер үшін 10 000 000 000 (он миллиард) теңге мөлшерінде.»;

1-2-тармағы алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Меншікті капитал жеке тұлғалар депозиттерінің сомасы мен бухгалтерлік баланстың деректеріне сәйкес 5,5-ке көбейтілген меншікті капиталдың арасындағы оң айырмасын шегергендегі бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап меншікті капиталы бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептелетін тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне қолданылмайды.

Нұсқаулықтың мақсаттары үшін Standard&Poor's агенттігінің ұзақмерзімді кредиттік рейтингтік бағаларымен қатар уәкілетті орган сондай-ақ Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің де (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) ұзақмерзімді кредиттік рейтингтік бағаларын таниды.

Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдарына жатады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуропа Кеңесінің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропа инвестициялық банкі (the European Investment Bank);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясы (ICD);
Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);
Халықаралық даму қауымдастығы;
Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);
Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for
Reconstruction and Development);
Халықаралық валюта қоры;
Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық;
Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігі;
Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank).»;
13-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда
ж а з ы л с ы н :

«Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері Нұсқаулыққа 1-2-қосымшада белгіленген мәндердің және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11987 тіркелген «Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 141 қаулысында көзделген қадағалау үстемесінің сомасы ретінде айқындалады .

Меншікті капитал жеткіліктілігі мәндеріне қосымша меншікті капитал буферлерінің мынадай мәндері белгіленеді:
консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және
м ы н а д а й б о л а д ы :

б а р л ы қ б а н к т е р ү ш і н :
2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 (бір) пайыз;
2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 (бір) пайыз;
2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 (екі) пайыз;
ж ү й е құ р а у ш ы б а н к т е р ү ш і н :
2015 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайызы;
2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайызы;
2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3 (үш) пайыз;

қарсы циклдық буфер, уәкілетті орган оны енгізу мөлшерін және мерзімдерін қарсы циклдық буферді есептеуді бастау күніне дейін кем дегенде 12 (он екі) ай бұрын белгілейді. Қарсы циклдық буфер мөлшерінің диапазоны активтердің, тәуекелдерді ескере отырып, сараланған шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызына дейін құрайды;
жүйелік буфер, оның есептелуіне қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10210 тіркелген «Қаржы ұйымдарын

жүйе құраушылар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 257 қаулысына сәйкес жүйе құраушы деп танылған банктерге қолданылады. Жүйелік буферге қойылатын талап 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты негізде орындалады және активтердің, тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды.» ;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Нарықтық тәуекел ескерілген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер 13,3-ке тең келтіру коэффициентінің және: сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекелдің;

нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекелдің;

валюталардың айырбастау бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекелдің сомасының туындысы ретінде есептеледі.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 13,3-ке тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 12,5-ке тең.»;

26, 27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Акциялардың нарықтық құнының немесе акцияларға индекстің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша айрықша тәуекел 0,075-ке тең айрықша тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген көрсетілген қаржы құралдары бойынша ашық позициялардың (ұзын және қысқа) сомасын білдіреді.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап айрықша тәуекел коэффициентінің мәні 0,075-ке тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап айрықша тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

27. Жалпы тәуекел 0,075-ке тең жалпы тәуекел коэффициентінің және белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын позицияларының сомасы мен қысқа позицияларының сомасы арасындағы айырмасының туындысын білдіреді.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,075-ке тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

28. Шетел валюталарының айырбастау бағамының (бағалы металдардың

нарықтық құнының) өзгеруіне байланысты активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер бойынша тәуекелдің есебі 0,075-ке тең валюталық тәуекел коэффициентінің және мына:

әрбір шетел валютасы бойынша ашық қысқа позициялардың (абсолюттік мәні бойынша) және бағалы металдар бойынша ашық (ұзын немесе қысқа) позициялардың (абсолюттік мәні бойынша);

әрбір шетел валютасы бойынша ашық ұзын позициялардың (абсолюттік мәні бойынша) және бағалы металдар бойынша ашық (ұзын немесе қысқа) позициялардың (абсолюттік мәні бойынша) сомалардың біреуінің ең жоғарғы мәнінің туындысын білдіреді.

Әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюталық позиция Нұсқаулықтың 47-тармағына сәйкес есептеледі.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,075-ке тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.» ;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Операциялық тәуекел 13,3-ке тең келтіру коэффициентінің және соңғы өткен 3 (үш) жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасының және 0,075-ке тең операциялық тәуекел коэффициентінің туындысы ретінде есептеледі .

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы әр жыл сайын банк таза кіріс алған соңғы өткен 3 (үш) жыл ішіндегі жылдық жалпы кіріс сомасының банк таза кіріс алған жылдарың санына қатынасы ретінде есептеледі.

Жаңадан құрылған банктер үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа шамасы өткен жылдар санын негізге ала отырып есептеледі.

Жылдық жалпы кіріс:

жиынтық шығыстарды, провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден түскен кірістерді (резервтерді) шегергенде;

жиынтық кірістің, корпоративтік табыс салығының, қамтамасыз етуге арналған қаржының сомасы ретінде айқындалады.

Операциялық тәуекелдің есебіне банк шығын алған, бірақ провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден болған кірістерді шегергендегі қамтамасыз етуге арналған қаржыны есепке алғанда оң жалпы кіріс алынған жыл алынады.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициенті 13,3-ке, операциялық тәуекел коэффициенті – 0,07-ге тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициенті 12,5-ке, операциялық тәуекел коэффициенті – 0,08-ке тең.» ;

36-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілген жағдайларда банк шектеулерден асып кету фактісі туралы уәкілетті органды дереу хабардар етеді және асып кетуді есепті күні және осыдан кейінгі 3 (үш) ай ішінде, ал «Стресттік активтер қоры» акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасы бойынша шектеуден асып кеткен кезде – ағымдағы және одан кейінгі тоқсан ішінде жою бойынша міндеттемелер қабылдайды. Егер осы асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаған болса, онда бір қарыз алушыға шаққанда тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативінен асып кету осы асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы деп қаралады.»;

45-1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) банкте есепті кезең ішінде кредиторлар мен салымшылар алдында мерзімі өткен міндеттемелер болған кезде;»;

6-3 және 6-4 тараулар алынып тасталсын;

1-қосымша осы Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда ж а з ы л с ы н ;

1-2 -қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
банк қызметін реттеу мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
1-қосымша
Екінші деңгейдегі банктер үшін
пруденциялық нормативтер есеп
айырысуларының нормативтік мәні
мен әдістемесі туралы нұсқаулыққа
1-қосымша

**Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша
мөлшерленген банк активтерінің кестесі**

--	--	--

№	Баптар атауы	Тәуе дәре- пайы
I топ		
1	Қолма-қол теңге	0
2	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетелдік қолма-қол валютасы	0
3	Тазартылған бағалы металдар	0
4	Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген қарыздар	0
5	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	0
6	Ұлттық Банкке берілген қарыздар	0
7	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	0
8	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	0
9	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына берілген қарыздар	0
10	Ұлттық Банктегі салымдар	
11	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
12	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	0
13	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
14	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтары мен бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
15	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
16	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар	0
17	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
18	Standard & Poor's агенттігінің «АА-» кем емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	0

19	Standard & Poor's агенттігінің «BBB» төмен емес ұзақ мерзімді рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар банктерге ашық корреспонденттік шоттар бойынша талаптар	0
20	Тәуекелдің I тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	0
II топ		
21	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің және тиісті рейтингілік бағасы жоқ елдердің шетелдік қолма-қол валютасы	20
22	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	20
23	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	20
24	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	20
25	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	20
26	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	20
27	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдарға берілген қарыздар	20
28	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	20
29	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	20
30	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардағы салымдар	20
31	Тәуекелдің I тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының дебиторлық берешегі	20
32	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	20
33	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20
34	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A-»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	20
35	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
36	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
37	Standard & Poor's агенттігінің «AA-» төмен емес борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20

38	Банк баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's агенттігінің «AAA»-тан «AA»-ке дейінгі кредиттік рейтингісі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzAAA»-тан «kzAA»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар секьюритилендіру позициялары	20
39	«Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар	20
40	Тәуекелдің II тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	20
III топ		
41	Тазартылмаған бағалы металдар	50
42	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	50
43	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	50
44	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	50
45	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A»-ке дейін төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	50
46	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50
47	Мынадай шартқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 71, 73, 74 және 75-жолдарында көрсетілген жеке тұлғалардың қарыздарын қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 50 (елу) пайызынан аспайды	35
48	Мынадай шартқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 71, 73, 74 және 75-жолдарында көрсетілген жеке тұлғалардың қарыздарын қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 51 (елу бір) пайызынан 85 (сексен бес) пайызына дейінгі аралықта болады	75
49	Басқа да ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 71, 73, 74 және 75-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	100
50	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйықы бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 70, 71, 72, 73, 74, 75 және 101-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда), олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес кемінде 35 (отыз бес) пайыз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған	100
51	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйықы бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 70, 71, 72, 73, 74, 75 және 101-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда), олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес 35 (отыз бес) пайыздан астам және кемінде 50 (елу) пайыз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған	75
52	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйықы бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 70, 71, 72, 73, 74, 75 және 101-жолдарында көрсетілген қарыздарын), олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық	50

	есептіліктің стандарттарына сәйкес кемінде 50 (елу) пайыз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған	
53	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілерге берілген, мынадай шартқа сәйкес келетін қарыздар: 1) қарыз сомасы меншікті капиталдың 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды; 2) қарыз валютасы – теңге	75
54	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	50
55	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	50
56	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардағы салымдар	50
57	Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A»-ке дейінгі борыштық рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	50
58	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50
59	«Standard & Poor's» агенттігінің «BBB+»-тан «BBB»-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	50
60	«Standard & Poor's» агенттігінің «A+»-тан бастап «A»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары бағалы қағаздар	50
61	«Standard & Poor's» агенттігінің «A+»-тан «A»-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	50
62	Банк баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's агенттігінің «A+»-тан «A»-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша «kzA+»-тан «kzA»-ға дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритизлендіру позициялары	50
63	«Standard & Poor's» агенттігінің «BBB»-тен «BB»-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе «Standard & Poor's» агенттігінің «BBB»-дан «BB+»-ға дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банкке ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	50
64	Тәуекелдің III тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	50
IV топ		
65	Standard & Poor's агенттігінің «BB+»-тан «B»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	100
66	Standard & Poor's агенттігінің «BB+»-тан «B»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	100

67	Standard & Poor's агенттігінің «BB+»-тан «B»-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	100
68	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BB»-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	100
69	Standard & Poor's агенттігінің «A»-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент ұйымдарға, тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BB»-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент ұйымдарға берілген қарыздар	100
70	Standard & Poor's агенттігінің «A»-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент ұйымдарға, тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BB»-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан хеджирлеу тиісті құралдарымен жабылмаған бейрезидент ұйымдарға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген және шетел валютасында 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге берілген қарыздар	200
71	Тәуекелдің III тобына енгізілгендерді қоспағанда, жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген қарыздар, оның ішінде тұтынушылық кредиттер	100
72	Тәуекелдің III тобына енгізілгендерді қоспағанда, тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан хеджирлеу тиісті құралдарымен жабылмаған жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген және шетел валютасында 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге берілген қарыздар, оның ішінде тұтынушылық кредиттер	200
